«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

29.03.18 № 02-09/687

ЖК «Сатаева К.Т.»
Жанаөзен қ-сы, Самал ш/а, 40,60
E-mail: gulden92-92@mail.ru
тел.: 8/72934/74-8-04

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің, 13.03.2018 жылғы №6929 санды және 17.03.2018 жылғы №7125 санды шағымыңызда көрсетілген мәселелер бойынша келесіні хабарлайды:

Департамент тарапынан Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V санды «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашасындағы №598 санды бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес, «Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-мен жарияланған мемлекеттік сатып алудың электрондық ашық конкурс тәсілімен №2247089-1 санды *«Услуги автобусов по городским и пригородным перевозкам пассажиров по расписанию»* жөнінде камералдық бақылау жүргізіліп нәтижесінде, аталған шағымда көрсетілген сұрақтар бойынша ішінара бұзушылықтар анықталды.

1-сұрақ

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы №349 санды «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығының 273-тармағында балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және қозғалысы ережесін өрсекел бұзбаған.

Балаларды тасымалдауға жіберген ұйымдағы жүргізушінің жұмыс өтілі үш жылдан кем болмауы тиіс.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 04 желтоқсандағы №434-V санды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (одан әрі - Заң), 9-бабының 1-тармағының 4-тармақшасында, әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы делінген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 санды «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары туралы» бұйрығының (одан әрі - Қағида) 150-тармағында, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа) қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер кокнурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің

біліктілік талаптарына сәйкес болмауы. Тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Яғни, конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелінде шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін *(жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар)* талап етілген болатын.

Алайда, конкурс комиссия тарапынан жоғарыда көрсетілген заңнама талаптарын сақтамай әлеуетті өнім беруші ЖК «Далмаганбетова» шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін ЖК «Далмаганбетова» автобус жүргізуші ретінде А.Нургожаевтың жұмысқа қабылданған уақыты 29.08.2013 жыл және К.К.Шахабаевтың жұмысқа 01.09.2013 жылы қабылданғаны анықталды. *Жалғанды:29.08.2013 жылғы №3 санды, 01.09.2013 жылғы №4 санды бұйрықтар және 29.08.2013 жылғы №6 санды, 01.09.2013 жылғы №8 санды келісім шарттар.*

Бұдан басқа, ЖК «Далмаганбетова» жұмысқа қабылдаған жүргізушілерінің көрсетілген еңбек кітапшасында А.Нургожаевтың 01.06.2010 жылы және К.К.Шахабаевтың 01.02.2010 жылы ЖК «NOMAD» жұмысқа қабылданған. Алайда, ЖК «NOMAD» Мемлекеттік кірістер органында 18.10.2012 жылы тіркелгені анықталды.

Қағиданың 150-тармағының 1) тармақшасында әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) егер біліктілік талаптары бойынша дұрыс ақпараттың берілмеу фактісі анықталса конкурсқа жіберілмейді делінген.

Ұйымдастырушы тарапынан жоғарыда көрсетілген заңнама талаптары сақталмай, ЖК «Далмаганбетова» конкурсқа **негізсіз** жіберілгені анықталды.

Жоғарыдағылардың негізінде, Департамент тарапынан анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданды.

2-сұрақ

Аталған конкурстық құжаттама бойынша жарияланған жалпы сомасы 8 462,8 мың теңге болатын, ал техникалық ерекшелікте көрсетілген сомаларының қосындысы жалпы сомасы 8 529,4 мың теңге болуы тиіс.

Бірақ, аталған конкурстық құжаттама бойынша конкурсқа қатысушы ЖК «Далмагамбетова Ж.А.» жалпы сомасы 5 377,0 мың теңгеге жеңімпаз болып танылған.

Сондықтан, аталған конкурстық құжама бойынша мемлекеттік сатып алу қорытындысына және қаржылық бұзушылықтарға ықпал етпейді.

Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит Комитетіне немесе сотқа шағым жасауға құқылы екендігіңізді қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С. Қасымов**

орын. Ж.Садыков
тел.: 31-90-92